

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «KSPH» МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ МЕДИЦИНСКИЙ КОЛЛЕДЖ «KSPH» КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА «ВШОЗ»		
	Оқу-әдістемелік бөлім	Әдістемелік ұсыным	СМЖ-АУ-7.5.1/03-2025
			Нұсқа: I
			5 беттің I беті

Келісілді

ОӘК шешімімен

«21» 05 2025 № 1



Бекітемін

ҚМУ ректоры

Ауезова А.М.

2025

ПСИХИМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «КСРН» МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ МЕДИЦИНСКИЙ КОЛЛЕДЖ «КСРН» КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА «ВШОЗ»		
	Оқу-әдістемелік бөлім	Әдістемелік ұсыным	СМЖ-АУ-7.5.1/03-2025
			Нұсқа: I
			5 беттің 2 беті

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	3
2 ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДІҢ ТАЛАПТАРЫ, ҚАБЫЛДАУ/ҚАБЫЛДАМАУ КРИТЕРИЯЛАРЫ	4
3 ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДЕН ӨТУ НҰСҚАСЫ	5

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «KSPH» МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ МЕДИЦИНСКИЙ КОЛЛЕДЖ «KSPH» КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА «ВШОЗ»		
	Оқу-әдістемелік бөлім	Әдістемелік ұсыным	СМЖ-АУ-7.5.1/03-2025
			Нұсқа: 1
			5 беттің 3 беті

КІРІСПЕ

Медициналық білім беру саласындағы мамандарды дайындау сапасына қойылатын халықаралық талаптарға сай, саланы саналы түрде таңдаған, менеджмент, экономика, заңнама және құқық, психология және педагогика салаларында білімі бар талапкерлерді тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін студенттер контингентін қалыптастыру, сапалы іріктеуді қамтамасыз ету маңызды кәсіби қызмет.

Қабылдау процесі медициналық білім беруді ұйымдастырудың маңызды аспектісі болып табылады.

Бұл процесс ақпарат жинауға және үміткерлердің білім беру бағдарламаларында табысқа жету дағдылары мен ынталары бар екеніне және олардың сауатты денсаулық сақтау мамандары болатынына көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Табысты түлектер тек академиялық жетістіктерге жетуден басқа да талаптарды: сенімді, жанапыр, әдепті және білімді маман болу қабілетін көрсету талап етіледі.

Халықаралық деңгейге бағытталған медициналық мамандықтың ерекшеліктерін ескере отырып, медициналық оқу орындарына түсетін тұлғаларға психометриялық тестілеу жүргізіледі, ол талапкерлердің психологиялық дайындығын анықтауға, олардың аналитикалық қабілеттерін, талапкерлердің жеке психологиялық қасиеттерін бағалауға бағытталған.

Халықаралық тәжірибеде психометриялық тестілеу білім мен интеллекттің сенімді өлшемін беретіні дәлелденген. Когнитивтік дағдылар (латынша *cognitio*, «білім, зерттеу, хабардарлық») – сыртқы ақпаратты ойша қабылдау және өңдеу қабілеті.

Психологияда бұл ұғым жеке адамның психикалық процестеріне және әсіресе сенімдердің, тілектердің және ниеттердің «психикалық күйлері» деп аталатындарға қолданылады.

Жоғары ұпайлар адамның бұрынғы мінезі туралы ақпаратты береді, көбінесе когнитивтік емес саласында.

Когнитивтік емес саладағы өлшем жауапкершілік, этикалық философия, өзіндік сана сияқты сипаттарды анықтауға бағытталған.

Когнитивті емес деп аталатын бұл сипаттарды өлшеу қиын, бірақ олар мамандық таңдауда шешуші роль атқарады.

Психометриялық тестілеу екі көрсеткішті қамтиді:

- академиялық (когнитивты - оқудың интеллектуалдық қабілетінің интегралды деңгейі);
- академиялық емес (когнитивті емес - болашақ дәрігердің эмпатикалық потенциалының қарқындылығын анықтау).

Психометриялық тестілеуден өту туралы түпкілікті шешім екі критерийдің де - академиялық және академиялық емес нәтижелеріне байланысты.

1 ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДІҢ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Психометриялық тестілеуге «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 «Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Білім министрінің бұйрығы және Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 12 мамырдағы № 197 Бұйрық талаптарға сәйкес құжаттардың толық тізбесін ұсынған үміткерлер жіберіледі.

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «KSPH» МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ МЕДИЦИНСКИЙ КОЛЛЕДЖ «KSPH» КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА «ВШОЗ»		
	Оқу-әдістемелік бөлім	Әдістемелік ұсыным	СМЖ-АУ-7.5.1/03-2025
			Нұсқа: I
			5 беттің 4 беті

1.1 Психометриялық тестілеу қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі және білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады.

1.2 Талапкерлерге психометриялық тестілеуді өткізу тәртібімен таныстыру үшін консультациялар өткізіледі.

1.3 Психометриялық тестілеуді өткізу нысаны мен тәртібін (күні, уақыты, орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және өтініш қабылданған кезде талапкерлердің назарына жеткізіледі.

1.4 Психометриялық тесттің мазмұны интеллектуалдық қабілеттердің интегралды деңгейін және медициналық колледжде оқу мүмкіндігін, болашақ дәрігердің эмпатикалық потенциалының қарқындылығын анықтауға бағытталған.

1.5 Білім беру ұйымында дайындалатын психометриялық тестілеу әрбір көрсеткіш бойынша кемінде 25 тест сұрағынан тұратын тест тапсырмаларын қамтиды (академиялық және академиялық емес).

1.6 Өтініш берушіні психометриялық тестілеуге жіберу, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

1.7 Психометриялық тестілеу басталғанға дейін үміткерлерге титулдық беттерді ресімдеу тәртібі, сондай-ақ басталу және аяқталу уақыттары, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны түсіндіріледі.

1.8 Психометриялық тестілеудің нәтижелері тестілеу күні жарияланады және ақпараттық стендтерде немесе білім беру ұйымының интернет-ресурстарында орналастырылады.

1.9 Психометриялық тестілеуді бағалау критерийлері: "қабылданды" немесе "қабылданбады".

1.10 Психометриялық тестілеуді өткізу кезінде білім беру ұйымының мұрағатында кемінде бір жыл сақталатын аудио немесе бейне жазба жасалады.

1.11 Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және үміткерлердің құқықтарын қорғау бойынша психометриялық тестілеу нәтижелерін бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу мақсатында ТЖКБ ұйымының директоры бұйрықпен апелляциялық комиссия құрады.

1.12 Апелляциялық өтініш апелляциялық комиссияға психометриялық тестілеудің нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссия өтініш берушінің қатысуымен өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды. Апелляциялық комиссияның жұмысы хаттамамен ресімделеді, оған апелляциялық комиссияның төрағасы және барлық мүшелері қол қояды.

2 ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДІҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ҚАБЫЛДАУ / ҚАБЫЛДАМАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

2.1 Психометриялық тестілеудің мазмұны зияткерлік қабілеттердің интегралды деңгейін және медициналық колледжде оқу мүмкіндігін, болашақ медицина қызметкерінің эмпатикалық потенциалының қарқындылығын анықтауға бағытталған. Сауалнама 2 кезеңнен тұрады. Тестті орындау үшін сізде 15/15 минут бар (жалпы уақыт 30 минут).

2.2 Психометриялық тестілеу офлайн форматта өтіледі. Психометрическое тестирование будет проводится в офлайн режиме, тестілеуді тапсыру қазақ немесе орыс тілін таңдау құқығымен.

2.3 Өтініш берушіні психометриялық тестілеуге жіберу, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

2.4 Психометриялық тестілеу басталғанға дейін үміткерлерге титулдық беттерді ресімдеу тәртібі, сондай-ақ басталу және аяқталу уақыттары, нәтижелерді жариялау уақыты

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «KSPH» МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ МЕДИЦИНСКИЙ КОЛЛЕДЖ «KSPH» КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА «ВШОЗ»		
	Оқу-әдістемелік бөлім	Әдістемелік ұсыным	СМЖ-АУ-7.5.1/03-2025
			Нұсқа: I
			5 беттің 5 беті

- мен орны түсіндіріледі.
- 2.5 Психометриялық тестілеуді өткізу кезінде мұрағатында кемінде бір жыл сақталатын аудио немесе бейне жазба жасалады.
- 2.6 Күнтізбелік жыл ішінде психометриялық тестілеуді қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.
- 2.7 Психометриялық тестілеу – «ҚАБЫЛДАУ» немесе «ҚАБЫЛДАМАУ» түрінде бағаланады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ТЕСТІЛЕУДІ ҚАЙТА ӨТКІЗУГЕ ТІРКЕЛГЕН КЕЗДЕ БІРІНШІ НӘТИЖЕ ЕСЕПТЕЛЕДІ.

Қабылдау/қабылдамау критерийі

Білімі	Допуск	Не допуск
9 сынып негізінде	45% жоғары	45 % төмен болған жағдайда
11 сынып негізінде	55 % жоғары	55 % төмен болған жағдайда

3 ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДЕН ӨТУ НҰСҚАСЫ

- 3.1 Өзіңізбен бірге жеке куәлік алыңыз. Емтихан кезінде ол компьютер мониторының жанында жатуы керек.
- 3.1.1 Тестілеу тілін тандап, сәйкес сілтемені басыңыз.
- 3.1.2 Жеке деректерді толтыру. Толық аты-жөні (жеке куәліктегідей). ЖСН бос орынсыз 12 цифр.
- 3.1.3 2-бөлімге («Келесі» түймесін басыңыз) тек емтихан алушының бұйрығымен өту. 25 сұраққа 15 минут уақытыңыз бар. Соңғы 25-ші сұраққа **жауап бергеннен кейін түймені ары қарай баспаңыз!**
- 3.1.3.1 Барлығы 25 сұраққа жауап бергеннен кейін (өтініш берушілер берілген 15 минуттан ерте немесе кеш жауап бере алады) 3-бөлімге өтуіңізге болады.
- 3.1.4 3-бөлімге өту («Келесі» түймесін басыңыз) тек емтихан алушының бұйрығы бойынша.
- 3.2 Сізге 50 сұрақ және тура 15 минут беріледі.
- 3.2 Назар аударыңыз! Ережені бұзғаны үшін өтініш беруші тестілеуден өтуден шеттетіледі және психометриялық тестілеудің нәтижелері жойылады.